

же строго слежу за соблюдением правильной осанки, позы, провожу эмоциональную разрядку. Любой учитель должен знать и понимать, как сохранить здоровье учащихся. Поэтому использование здоровьесберегающих технологий на уроках создаёт благоприятный психологический фон, создаёт условия для самовыражения учащихся, предотвращает усталость и утомляемость, повышает мотивацию к учебной деятельности.

## **БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ**

**Ералина Д.Қ.**

*М.Қозыбаев атындағы №23 орта мектебі*

Еліміздің әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясында Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі», – деп ерекше бөліп көрсетті. Осыған орай әлемдік жаһандану жағдайларына байланысты біздің елдегі жалпы білім беру мектептерінің алдында оқушылардың салауатты өмір салтын бейімдеу талабы тұр.

Балалардың денсаулығы – қоғамның экономикалық, әлеуметтік және саналы жетістіктерін сипаттайтын маңызды көрсеткіштердің қатарына жатады. Қазақстандағы мектеп оқушыларының денсаулық деңгейлері қоғамның, әсіресе дәрігерлер және мұғалімдер арасында дабыл қағуда. Ақпарат құралдарының материалдары және статистикалық деректердің көрсетуінше ХХ ғасырдың аяғында, ХХІ ғасырдың басында мектеп оқушыларының денсаулықтары күрт төмендеген. Балалардың денсаулық деңгейлерінің көрінісі көпшілік жағдайда мектептердің жауапкершілігінде деп көрсетіледі.

Ұстаз – киелі мамандық. Адам тәрбиелеу, оған ғылым негіздерінен мәлімет беру, баланы өмір сүруге үйрету - өте қиын шаруа. Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин: «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені жақсы мұғалім – мектептің жүрегі» деген. Қазіргі біздің заманымыздың, ХХІ ғасыр мұғаліміне қойылатын талаптар:

- біріншіден, мұғалім жеке көзқарасы бар және соны қорғай білетін жігерлі тұлға және маман мұғалім болу қажет;
- екіншіден, мұғалімнің педагогикалық ойлау қабілеті ғылыми түрде қалыптасуы тиіс;
- үшіншіден, мұғалім білім негіздерін өз бетінше оқып, үйренуге, оқушыны баулуға міндетті;
- төртіншіден, мұғалім-педагогикалық үрдісте баламен ынтымақтаса қызмет ету керек;
- бесіншіден, педагог әр уақытта өз білімін толықтырып, шығармашылығын арттырып отыруға міндетті.

Бастауыш мектепте қазақ тілін оқытуда денсаулықты сақтау технологияларының элементтері пайдаланылады. Баланың денсаулығын нығайта түсу үшін, оны сақтаудың жолдары төмендегідей:

1. Үй тапсырмасы мөлшерінің жеңіл, орай болуы
2. Деңгейлік тапсырмалармен жұмыс
3. Жеке ыңғайда дербес оқыту
4. Сергіту сәттері, ойындар
5. Сабақта жағымды психологиялық ахуал туғызу

Сабақта сергіту сәттері, ойындар жүргізіледі. Сергіту ойындары оқушылардың дене тұлғасының қимыл- қозғалыста болып, денсаулықтарын нығайтуға, шынықтыруға бейімдеп, зейінін жинақтауға саналы түрде білім алуына септігін тигізеді

Өзге ұлтты мектептерде жұмыс істейтін ұстаздар қауымының басты мақсаты- өзге ұлттың баласын мемлекеттік тілде сөйлету, сұрақтарға жауап қайтара білуге үйрету. Қазақ сөзінің құдіреттілігін, сырын сезіндіру, тіл үйренуге ынталандыру. Шәкірт талабын шыңдау қазақ тілі мен қазақ әдебиет пәнінің мұғалімдеріне үлкен жауапкершілік жүктейді. Осы орайда сабақтарда түрлі әдіс – тәсілдерді пайдалану мақсатқа қол жеткізудің бастамасы болып саналады.

Қазақ тілі сабағында өзге ұлтты балаларға сабақ қызықты да тартымды өту үшін ойынның рөлі өте жоғары. Оқушылардың білуге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін толық пайдалану, оларды оқу үдерісінде үздіксіз дамытып отыру және сабақ барысында алған білімдерін тәжірибеде, яғни сабақ барысында жаттығу орындауда қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін ойын элементтерін пайдаланудың орны бөлек.

Оқушылар сабаққа қарағанда ойынды ұнататын белгілі. Ойын оқушылар сабақта зерігіп, шаршаған кездерінде сергіту мақсатында ғана емес, оларға негізгі ұғым, түсініктер-

ді толық меңгерту мақсатында да жүргізіледі. Ойын арқылы оқушы өздігінен қорытынды жасай білуге машықтанады. Ойынның негізгі мақсаты- баланы қызықтыра отырып, өткен тақырыпты берік меңгерту, саналарында сақталып қалуға жұмыс жасау. Сондықтан ойынның пәндік мазмұны басты назарда болуы керек. Тек сол жағдайда ғана оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, білімдік, тәрбиелік мақсаттарға жетуге септігін тигізеді.

Ойындарға қойылатын талаптардың өз алдына жеке мақсаттары бар.

Олар:

- ойынның мақсаты нақты әрі керекті көрнекіліктер мен материалдар ілгері дайындалып қойылу керек;

- ойын ережелері оқушылардың түсінуіне орай, қарапайым әрі шағын болуы тиіс;

- ойынға оқушылардың түгел қатысуын қамтамасыз ету қажет;

- ойын жүру барысында мұғалім балалардың түгел қатысуын қадағалаумен қатар, олардың ойын үстінде шешім қабылдай алуларына, ойлана білулеріне жол көрсетуі қажет.

Оқытудың ең басты әрі негізгі мақсаты- білімнің сапалы, нақты, толық болуында.

Сабақтың формалары мен әдістерін, мазмұнын жетілдіру, оны танымдық, білімдік, тәрбиелік жағынан сапалық жаңа деңгейге көтеру, оқытудың тәрбиелік қызметі мен тәжірибелік бағытын нығайту осы ойынға қойылған мақсат- міндеттерден туындайды.

Сабақта ойын элементтерін пайдалану сабақтың формалары мен әдістерін жетілдіру жолындағы ізденістердің маңызды бір бөлшегі. Ойын элементтерін оқу әдерісін пысықтау, жаңа сабақты қорытындылау кезеңдерінде, қайталау сабақтарында пайдаланған өте тиімді. Ойын элементтерінің материалдары сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сәйкес таңдалынып алынса, оның берер пайдасы мен танымдық, тәрбиелік маңызын күшейте тәсілі анық. Оны тиімді қолдану мен іске асыру сабақтың әсерлігін, тартымдылығын дамытып, оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттырады.

Ойын – оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады, қазақ тілі сабағында ойын формаларын еңгізу барысында интерактивті тақтаны да қолданудың маңызы өте зор. Бастауыш сынып оқушыларының мектепке келгенге дейінгі негізгі әрекеті - ойын болса, оқу-тәрбие үрдісінде олар біртіндеп ойын әрекетінен оқу әрекетін орындауға бейімделуі тиіс. Ол сабақ барысында пайдаланылатын дидактикалық ойындар арқылы жүзеге асады.

Ойынның мақсаты – бағдарламада алған білімдерін қалыптастыру, тиянақтау, пысықтау.

Міндеті – баланың қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру.

Дидактикалық ойындар – балалардың білімдерін арттырудың құралы.

Сабақта ойындарды қолданудың түрлі жолдары бар.

Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндетті шешеді.

Ойын сабақтың басында – өткен сабақты еске түсіреді.

Сабақтың ортасында – көңіл-күйін сергітеді, ерік-жігерін дамытады, сабаққа ынтасын арттырады.

Сабақтың соңында – тақырыпты бекіту, сабақта алған білімді жинақтау мақсатын көздейді.

Ойын – оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыратын құрал.

Сондықтан бастауыш, дайындық сыныптарында оқушылар сабақ үстінде ойынды көп қажет етеді. Оларға пайдаланылатын ойындар оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай күрделеніп отырады. Мысалы, дайындық сыныбында қарапайым ғана ойын түрлерін ойнатсақ, сыныбы үлкейген сайын баланың жас ерекшелігіне сай болып күрделенгені дұрыс. Олай болса, ойынды пайдаланудың маңызы зор. Мұндай ойынның көптеген түрлері бар. Сондықтан ойын балалардың жас ерекшеліктеріне және өтілетін сабақтың тақырыптарына мазмұнына сай етіліп таңдалып алынғаны дұрыс. Бала ойын іс-әрекеті үстінде білімді қалай игеріп жатқанын, ал оқу үрдісінің қалай ойынға ұласып кеткенін аңғармай қалуы тиіс. Сонда ғана ойын және іс-әрекеттері табиғи бірлікте болып, пәндік білім, білік және дағдыны игеруге толық ықпал жасайды. Мысалы, дайындық сыныптарда сан санауға заттарды санап және олардың екі тобын салыстыруға, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға үйрету мақсатында түрлі ойындарды ойнатуға болады.

Ойын да халық педагогикасының құрамдас бір бөлігі болып келеді. Ұлттық ойындар халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына байланысты туып, дамығанына қазақ халқының ойындарымен таныса отырып, көзіміз әбден жетеді. Халық ойындарын сабақтарда пайдалану оқушыны алған білімін күнделікті өмірмен берік ұштастыруға қолайлы.

Ойын – бала әрекетінің негізгі бір түрі. Бала үшін ойын – өмір сүрудің белсенді формасы, сол арқылы ересектерге еліктейді, олардың іс-әрекеттерін, қарым-қатынастарын

үйренеді, еңбектің мәнін түсіне біледі, адамгершілік нормаларын игереді, әлеуметтік рөлдер атқарады.

Сабақ үстінде жүргізілетін жұмыс түрлері, тақырыпқа сай алынған тәрбиелік мәні бар ойын элементтері оқушылардың ойлау белсенділігін керек етеді. Сондықтан мұғалім әр сабағында ойын түрлерін орнымен қолданып, оны қызықты ету арқылы олардың білімге ынта-ықыласын, пәнге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруды мақсат етеді. Демек, мұғалім сабағын баланың қабілет-қарымына, психологиялық ерекшелігіне сай байланыста жоспарлау керек. Сонда ғана сабақ тартымды, жеңіл болады, оқушыларды жалықтырмайды.

Оқушылардың ойын кезіндегі белсенділігі көбінесе жарыс нәтижесін дұрыс есепке алуға байланысты. Оқушылар ойындағы өз жетістіктері мен кемшіліктерін біліп отыруы тиіс. Ойын нәтижелерін есепке алу түрліше: әрбір дұрыс орындалған грамматикалық ойын үшін ұпай есептеу, әрбір ұтылыс үшін кем ұпай беріледі, оқушылар тақтаға жазылған тиісті команда бағанындағы сөз немесе сөз тіркестерін жазып отыру; ол сөздерді есепке ала отыру; қол көтеріп немесе тиісті орфограммалар жазылған карточкаларды.

Көтеру арқылы білімдерін анықтау; жаттығуға жіберілген уақытты есепке алу.

Педагогикалық ғылым тарихына көз салсақ, балалар ойынына қатысты мәселелерге соқпай кеткен ағартушы, педагог болмаған екен. Тұлғалы, кезіндегі прогрессивті ұлы педагогтар Я.А.Коменский, Ж.Ж. Руссо, И.Г.Песталоцций халықтық ойынға назар аударып, қолданып, халықтық ойындардың теориялық негізін жасауға талпынған. Ойынның балалардың денін сауықтыратынын, ақыл-ойын белсенді ететін және барлық ағзаларын икемді қозғалуға баулитын мәнін Я.А.Коменский дәріптеген. Ж.Ж.Руссо пікірінше білім алу ойынның балалар өмірінде кезектесіп, алмасып отыруы бір-бірімен сабақтаса байланысуы бала дамуындағы қажетті шарт болады.

Қазіргі Қазақстан мектебіндегі жаңа өзгерістер әлемдік білім беру тәжірибелерін пайдалана отырып, баланың жеке-дара күшінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа технологияларды іздестіру және оларды қолдануға бағытталған.

Инновациялық оқу оқудың түсіндірмелі-иллюстрациялық түрінен әрекетшілдікке ауысу арқылы жүзеге аса отырып, оқушының оқу әрекетінің белсенді субъектісі болуына мүмкіндік береді. Оның өзі сабақты әртүрлі технологиялар бойынша жобалауды қажет етеді.

Ойындық технология мәнді өмір жағдаяттарын үлгілеу және оның шешуін іздестіруге құрылады. Ойынның ұйымдастырылу түрлері: іскерлік ойындар, рөлдік және оқиғалық ойындар, саяхаттық және білімдік ойындар.

Қазақ тілі сабағында әр түрлі ойын элементтерін пайдаланамын.

Қазақ тілі сабағында қоладнуға болатын ойындардың атаулары мен шарттары:

«Еске сақта» бұл ойынды сөздерді меңгеру барысында қолданған тиімді. Оқушылар ынтаспадан жазылған сөздерді тыңдайды, қайталайды. Есте сақтаулары арқылы дәптерлеріне жазады. Бұл ойынның тағы бір тиімділігі оқушылардың есте сақтау қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді. Көп сөз жазған оқушы жеңімпаз атанады.

«Суретті билет» ойыны. Сан есімді өткенде оқушыларға суреті бар картішкелер беріледі. Мысалы: оқушыларға гүл, торғай, қоян суреттері беріліп, солар бойынша заттың түрі мен түсі туралы сөйлем құрау тапсырылады. Сөйлемді тез, дұрыс құрап, ондағы заттың түсін білдіріп, қандай? деген сұраққа жауап беріп, сын есім болып тұрғанын айтып айтып берсе, сол бала жеңеді. Мысалы: Әдемі гүл. Бір ұя.

«Үндемес» ойыны. Сөйлем мен сөйлемдегі сөздердің байланысын өткенде, айталағанда жүргізуге болады. 5 оқушыға орны ауысқан сөздері бар сөйлемдер жазылған қима қағаздар беріп, оларды дұрыстап жазу тапсырылады, немесе интерактивті тақтадан көрсетіледі. **Анам, әкелді, қызыл, алма, ұшады, жылы, құстар, жаққа.** Оқушылар сөйлем дұрыс құрып болған соң үндемей қол көтереді де тақтаға жазады. Дұрыс жазса оқушылар алақандарын соғып қуаттайды. Егер дұрыс жазылмаса, басқа бір бала дұрысын жазып береді.

Қазіргі уақытта қазақ тілін үйренуде оқытудың инновациялық үдісін қолданып оқыту болғандықтан, сабақта түрлі жағдаяттарды тудыра оқыту өз жемісін береді. Ауызекі сөйлеуде сұрақтар тудыру тіл үйренушілерді әрі қызықтырады, әрі жағдаяттар тудырып, сол жағдайларға қарам-қарсы пікір айту үшін сөйлеу интенциясын сабақта беріп отыру керек.

«Қонақ» ойыны.

Қонаққа келген адамның өзін таныстыруы. Үй иелерін, яғни, шаңырақ мүшелерін қонақпен таныстыру. Бұл ойынға 4-5 оқушы қатысуына болады. Бұл ойынды отбасы мүшелерін, туыстық атауларды өткен кезде пайдаланған дұрыс. Себебі оқушылар жаңа сөздерді меңгерумен қатар сөйлеу дағдыларын қалыптастырады.

«Қай буынды жоғалттым?» ойыны.

Бастауыш сыныпта буындарды қайталап, сөздерді дұрыс білуге жаттықтыру үшін алғашқы ойын тәсілін пайдалануға болады. Мысалы: қалам, мектеп, досым сөздеріндегі буындарды шапалақ арқылы бөледі де, дауыстап қайталайды.

Қазақ тілі сабағында әр түрлі ойын элементтерін пайдаландым. Сөз құрамы тақырыбын жүргізгенде.

«Орамал тастау» қазақтың ұлттық ойынын ойнаттым.

Бұл ойынның шарты: Сыныптағы қатар бойынша 2 топқа білдім. 2 топ арасы он адымдай белгіленген. Екі сызықтың бойына қарама-қарсы қатарға тұрады. Ойын жүргізуші қолындағы орамалын 1-ші топтың өз жағындағы шеткі ойыншыға береді. Ол өзінің қарсыласының біреуіне тастайды да «қала» – деп дауыстайды, ол қағып алып «шық» – дейді немесе «ны», «ға», «ның» – дейді. Сонда «қалашық», «қаланы», «қалаға», «қаланың» тағы басқа сөздер шығады. Айтылған сөзге қосымша жалғау керек, мысалы: «ойын» – деп дауыстаса – «ойыншық», «ойынды», «ойындар» т.б. Орамалды қағып алған ойыншы түбір сөзге қосымша жалғап немесе уақытында тауып айтылмай қалса, онда ортаға шығып өнер көрсетеді.

«Мұғалім қай жерде қателесті?» ойынын жүргізедім. Бұл ойынның шарты: Мұғалім тақтаға бірнеше жұрнақ жазады, ал сендер жұрнақ болмай тұран сөздерді табасыңдар.

Мысалы: Жұмысшы, жазғы, т.б.

Мұғалім енді тақтаға бірнеше жалғау жазады, ал сендер жалғау болмай тұрған сөзді табасыңдар.

Қазақ тілі сабағында бір буынды, екі буынды сөздерді оқу, буындарға бөлу тақырыбын ашу үшін

«Сақина салу» қазақтың ұлттық ойынын жүргіздім. Мен бір оқушының алдына сақина қоямын да «май» – деп дауыстаймын. Сақинаны алған оқушы «мыл», «шам» – деп дауыстайды. Сонымен маймыл, майшам, майда сөздері шығады. Айтылған бір буынға, екінші буын жалғау керек, мысалы: мы-сық, ма-са, ал-ма, жү-зім.

«Кім тез?» ойынын жүргіздім. Интерактивті тақтада он екі суретті көрсеттім. Әр қатардан 4 оқушы сурет бойынша сөйлем ойлап айтты. Интерактивті тақтадағы суреттерді (қозы, аңшы, бор, нан, алма, бота, күн, қыз, сүргі, ай, тышқан) қатыстырып тез сөйлем ойлады. Қозы, аңшы, бор, нан т.б. сөздерден дыбыс құрамын, нан т.б. сөздерден дыбыс құрамын, буын санын айтты.

«Достасқан буындар». Қатар отырған оқушылар ауызша орындайды. Орындау тәртібі бойынша бірінші оқушы на буынын айтса, екінші келесі буынын тауып сөз құрауы керек.

Сабақта әртүрлі әдістерді пайдалану оқушыларды жалығудан алшақтатады,

Сөздік қорының баюына ықпал етеді.

Сабақ берудің жаңа технологияларын меңгере отырып, әр түрлі әдістерді пайдаланып, білім сапасын арттыруға тырысамыз. Жаңа әдістердің ерекшелігі – жеке тұлғаны қалыптастыруда, өз бетімен жұмыс істей алуға, шығармашылыққа баулуда ерекше рөл атқарады.

Түрлі дидактикалық, грамматикалық ойын жаттығуларының түрлері мен әдістері сабақтың белсенділігін күшейтуге зор пайдасы бар. Тіл сабақтары саяси- идеялық, эстетикалық, адамгершілік, еңбек және патриоттық тәрбие беруде өте ықпал ететін пән болғандықтан, тіл маманынан терең білімді, ізденушілікті, қажырлықты талап етеді. Бұл орайда оқушылардың өз бетімен жұмыс істей алуы, ортаға мән бере білуі, жан- жақты қабілетті болғаны жөн.

Грамматикалық ойындар еркін шығармашылық іс-әрекет ретінде оқушы ойын, қиялын дамытып, сөздік қорын молайтып, өз бетімен ізденуге, еңбектенуге дағдыландырады және оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттырып, ойлау қабілетін дамытып, ұжымшылдыққа тәрбиелейді және тапқырлық пен алғырлыққа, жалдамдыққа баулиды. Оның үстіне оқушы іскерлік пен түрлі дағдыны меңгеріп, бекітуді, қорытынды жасауды үйренеді.

Сабақтың формалары мен әдістерін, мазмұнын жетілдіру, оны танымдық, білімдік, тәрбиелік жағынан сапалық жаңа деңгейге көтеру, оқытудың тәрбиелік қызметі мен тәжірибелік бағытын нығайту осы ойынға қойылған мақсат- міндеттерден туындайды.

Сабақта әртүрлі әдістерді пайдалану оқушыларды жалығудан алшақтатады, сөздік қорының баюына ықпал етеді.

Сабақ берудің жаңа технологияларын меңгере отырып, әр түрлі әдістерді пайдаланып, білім сапасын арттыруға тырысамыз. Жаңа әдістердің ерекшелігі – жеке тұлғаны қалыптастыруда, өз бетімен жұмыс істей алуға, шығармашылыққа баулуда ерекше рөл атқарады.

Сондықтан қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінде, әсіресе өзге ұлтты мектептерде сабақтың формаларын ауыстырып, балалардың тақырыпты тез меңгеруіне қол жеткізу мақсатында ойын элементтерін пайдаланып сабақ өткізу арқылы мұғалім тіл үйретуді біршама жетістіктерге қол жеткізері анық.

Ойын- тіл дамыту жұмысының нәтижесінде оқушының сөз байлығын молайтып, олар тілдің фонетикалық жүйесін меңгереді, сөйлеу мәдениетін меңгеріп, қалыптастырады. Өйткені сөздерді дұрыс айту, дұрыс жаза білу – тіл мәдениетінің басты талаптарының бірі. Мұғалім мәңгі ізденіс үстінде болып, сабағының қызықты да тартымды болуына жағдай жасайды. Бұл дегеніміз мұғалімнің шығармашылық қабілетін шыңдай түседі, әрі өз алдына қойған мақсатына жетуге ықпал етеді.

Ойын – оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория. Сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады. Сонымен қатар, қазақ тілі сабағында ойын формаларын еңгізу барысында интерактивті тақтаны қолданудың маңызы өте зор.

Қорыта келгенде, ойын – балалардың негізгі іс-әрекеттерінің бір түрі. Бала өмірі ойынға байланысты. Бала ойынсыз өсіп өркендей алмайды. Бұл – өмірдің заңдылығы. Сондықтан да қазақ тілі сабағында ойын элементтерін пайдаланудың оқушылардың ой белсенділігін арттырудағы маңызы зор.

## **НЕКОТОРЫЕ ПУТИ РЕАЛИЗАЦИИ ЗДОРОВЬЕСБЕРЕГАЮЩЕГО ОБРАЗОВАНИЯ В СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЕ**

***Есментаева Л.К.***

*Костанайский государственный педагогический институт*

Высокий уровень здоровья является основополагающим в жизни каждого человека и во многом обуславливает возможность освоения всех остальных ценностей, без которых сам процесс становления личности малоэффективен.

Статус личности определяется не только уровнем образованности, но и состоянием здоровья, зависящим от многих факторов, среди которых, особое значение отводится образу жизни человека. Гуманистическое образование и профессиональное обучение должно в процессе целенаправленного развития личности слиться единством гуманистических, профессионально-трудовых, гражданских, культурно-нравственных позиций выпускников школы.

Аксиология, психология, педагогика сосредотачивают свое внимание на формировании ценностного отношения к миру как основной задаче образования, поскольку ценностные отношения человека определяют его эмоциональное, психическое состояние, удовлетворенность жизнью, а система ценностей регулирует поведение и деятельность, определяя направленность личности. В связи с этим особая роль принадлежит системе гуманистических ценностей, ориентированных на идеи гуманизации образования.

Значимость охраны здоровья подчеркивается положением, содержащимся в Законе РК «Об образовании», где в ряд пунктов статьи 6 указывает на гуманистический характер образования, акцентируя внимание на общечеловеческих ценностях – жизни и здоровье человека, обязывая образовательные учреждения создавать условия, гарантирующие охрану и укрепление здоровья лиц, обучающихся в них. Приоритеты здоровья человека подчеркиваются и в других директивных документах РК.

Понятие «здоровый образ жизни» представляет совокупность форм поведения, способствующих выполнению человеком профессиональных, общественных и бытовых функций в оптимальных для здоровья условиях, и выражает ориентированность личности на то, чтобы формировать, сохранять и укреплять свое здоровье.

Признание здоровья важнейшей гуманистической ценностью означает взаимопонимание и взаимодействие естественно-научного и гуманитарного образования, позволяя наиболее полно изучать человека, обеспечивая интеграцию внутри естественнонаучного знания и усиления связи его с гуманитарным. Именно гуманизм определяет взаимодействие, взаимоотношения между людьми, где единицей измерения становится конкретный человек, а не «член коллектива».

Масштаб проблем охраны здоровья диктует необходимость концентрации и координации усилий всех субъектов образовательной среды. Негативные тенденции в состоянии здоровья учащихся поставили перед школой новые задачи. Наиболее важная – это научно-организационное управление состоянием здоровья учеников.